

**2025 жылғы «Білім келешегі: адал азамат –кәсіби маман» білім беру қызметкерлерінің тамыз конференциясы аясында
«Мектепке дейінгі білім беру: басымдықтан – сапаға»
мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің панельдік секциясын
өткізу туралы АҚПАРАТ**

2025 жылғы 14 тамызда «Білім келешегі: адал азамат –кәсіби маман» білім беру қызметкерлерінің тамыз конференциясы аясында «Мектепке дейінгі білім беру: басымдықтан – сапаға» мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің панельдік секциясы өтті.

Панельдік секция жұмысына 300 ден астам адам қатысты.

Панельдік секция жұмысына Білім басқармалары /ОӘО басшыларының орынбасарлары, бөлім басшылары немесе мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша жауапты мамандар; әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің облыстық аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері; мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының жұмысына жетекшілік ететін әдіскерлер; мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, педагогтері, тәрбиешілері, Қазақстандық мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастықтарының құрылтайшылары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру, департаментінің, Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Қаржы орталығы» АҚ Бюджеттік қаржыландыру департаментінің және Балаларды ерте дамыту институтының басшылары мен өкілдері қатысты.

Секция жұмысында келесідей мәселелер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жалпы ұлттық басымдықтары

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдірудің басым бағыттары

3. «Ұлттық сарапшы» жобасы туралы

4. Ваучерлік қаржыландыру: сапалы мектепке дейінгі білім беруге қадам

5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің басым бағыттары:

«Дәстүрден тыс әдістер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу әрекетін дамыту»;

Балабақшадағы мультстудия және жасанды интеллект;

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау.

6. Шеберханадан - балабақшаға: дамытушы ойыншықтардың жолы

7. «Тілге бойлау» - балаларға ойын арқылы қазақ тілін үйрету

8. Балабақшадан – мектепке сәтті өту жолы талқыланды.

Панельдік секция жұмысының соңында сұрақтарға жауап берілді, секцияның жұмысы қорытындыланып, ұсынымдар қабылданды.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталды.